

Қайта өңдеу өнімдерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 25 маусымдағы № 273 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14017 болып тіркелді.

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңының 7-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қайта өңдеу өнімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы

М. Мырзағалиев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 25 маусымдағы
№ 273 бұйрығымен
бекітілген

Қайта өңдеу өнімдерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 19.06.2017 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұрығымен.

№	Атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Физикалық-химиялық көрсеткіштері ²	Нормалары ¹
1	Тікелей айдау нафтасы мен оған ұқсастар	2710 12 110 9 2710 12 150 9	1) Тығыздығы 20°C кезінде 2) Фракциялық құрамы: -қайнауың басталуы -қайнауың аяқталуы 3) Күкірттің құрамы 4) Нақты шайыр құрамы 5) Йод саны 6) Қорғасын құрамы 7) Азот құрамы 8) Қышқылдығы 9) Механикалық қоспа мен судың құрамы 10) Еритін қышқылдар мен сілтілердің құрамы 11) Түсі	0,690 г/см ³ төмен е м е с Нормаланбайды 205оС жоғары емес 0,1 % масс. Аспайтын 2,0 мг/100 см ³ аспайтын 1,0 г /100 г аспайтын Ж о қ 2,0 салм. ррм аспайтын 1,0 мг аспайтын КОН 1 0 0 с м ³ ж о қ ж о қ мөлдір, түссіз
2	Керосин-газойлдік фракция және оған ұқсастар	2710 19 110 0 2710 19 150 0 2710 19 350 0	1) Тығыздығы 20°C кезінде 2) Фракциялық құрамы: 50 % температура кезінде айдалады 95 % температура кезінде айдалады 3) Күкірттің құрамы 4) Қату температурасы 5) Механикалық қоспа мен судың құрамы 6) Еритін қышқылдар мен сілтілердің құрамы 7) Қышқылдығы	0,860 г/см ³ аспайтын 280оС жоғары емес 360оС жоғары емес 0,2 % масс. аспайтын минус 10°C жоғары е м е с ж о қ ж о қ 5,0 мг КОН/100 см ³ аспайтын

3	Тікелей айдау мазуты	2710 19	1) Фракциялық құрамы:	8% аспайтын
		510 1	360°C –дейін шығу	0,05% аспайтын
		2710 19	2) Күлділігі	110oC төменемес
		550 1	3) Ашық тиглдегі жаркыл	1,0 % масс. Аспайтын
		2710 19	температурасы	0,15 % масс.
		620 1	4) Күкірттің құрамы	Аспайтын
		5) Судың құрамы	5,0 г /100 г аспайтын	
		6) 360°C дейін фракцияның бромды саны		
4	Пайдаланылған мұнай өнімдерінің қоспасы (ПМҚ) ³	2710 91	1) Механикалық қоспаның	1,0 % аспайтын
		000 0	массалық үлесі	
		2710 99	2) Судың массалық үлесі	2,0 % аспайтын
		000 0		

Ескертпе:

1. ЦНТ – ЦНТ маркалы колориметрде түсті өлшеу бірлігі;
2. ВУБ – ВУБ маркалы шартты тұтқырлығын анықтау аппараты;
3. Өңдеу өнімдеріне физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша нормалар Қазақстан Республикасы мұнай өңдеу зауыттарында (ҚР МӨЗ) кіріс бақылауын жүргізу үшін белгіленген;
4. ҚР МӨЗ-дермен уағдаласа отырып, қосымша физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша нормаларды белгілеуге жол беріледі;
5. Тізбенің 1-3 тармақтарында көрсетілген өңдеу өнімдерінде екінші рет өңделген өнімдердің болуына жол берілмейді.